

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№4 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы
Сағат – 15:00

29 қараша 2023 жыл
Сәрсенбі

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Академиялық департамент директоры, Ғылым департаментінің директоры, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы.

Күн тәртібінде:

1. 2023 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі туралы
(Баяндамашы: Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы С.Мухиддинова, регламент 10 минут)

Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1. 2023 жылғы түлектердің және 2024 жылы бітірушілердің табысты жұмысқа орналасуын талапқа сай жүзеге асыру мақсатында кадр даярлаушы кафедраларда нақты іс-шаралар мен жоспарлардың орындалуына үздіксіз талдау жасалсын және факультет Кеңесінде әр тоқсан сайын талқылансын (жауапты - факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, орындалу мерзімі 2023-2024 оқу жылына);

1.2. Жергілікті атқарушы орган құрған Еңбек мобильділігі орталығында университет түлектеріне сәйкес бос жұмыс орындарына үздіксіз мониторинг жүргізілсін және анықталған бос жұмыс орындары туралы ақпараттар түлектердің назарына ұсынылсын (жауапты - Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі ай сайын);

1.3. Жоғарғы курс студенттеріне Мансапты жоспарлау, дағдыларды бағалау, жұмыс іздеу және кәсіби даму тақырыптарында семинар-тренинг ұйымдастырылсын (жауапты - Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығы, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі оқу жылына 2 рет, желтоқсан 2023ж., сәуір 2024ж.).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Куралбаева

А.Куралбаева

